



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

http://webcache.googleusercontent.com/search?q=cache:EgeqSI2bxgcJ:identityworld.ru/Statyi/Popova_vestnik_SPGU_2012.rtf+&cd=2&hl=ru&ct=clnk&gl=kz

12. Попова О.В. Особенности политической идентичности в странах России и Европы [Электронный ресурс]. – Режим доступа: URL. - https://www.researchgate.net/publication/267225539_OSOBENNOSTI_POLITICESKOJ_IDENTIKNOSTI_V_ROSSII_I_STRANAH_EVROPY

13. Идентичность как предмет политического анализа. Сборник статей по итогам Всероссийской научно-теоретической конференции (ИМЭМО РАН, 21-22 октября 2010 г.) [Электронный ресурс]. – Режим доступа: URL. - <http://www.imemo.ru/files/File/ru/publ/2011/11002.pdf>

УДК 314-56

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫНДАҒЫ ЕУРОПАЛЫҚ БАҒЫТ

Мұратова Мария Мұратқызы

maria_muratova@mail.ru

Халықаралық қатынастар мамандығының 4 курс студенті,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Медеубаева Ж.М.

Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының әрі қарай дамуы және «Қазақстан-2050» Стратегиясы алдыға қойған мақсаттарды жүзеге асыру «Қазақстан Республикасының 2014-2020 жылдарға арналған сыртқы саяси Тұжырымдамасында» көрініс тапты [1].

Берілген тұжырымдамада *Қазақстанның сыртқы саяси приоритеттері өзгеріссіз қалатындығы* көрсетіледі – яғни, ХХІ ғасырдың сын-тегеуріндеріне төтеп бере алатын белсенді, көпжақты және теңдестірілген сыртқы саясат жүргізу.

Басқа халықаралық акторлармен қатар, Қазақстанның сыртқы саясатында Еуропалық Одақ өте маңызды орынға ие. Әлемдік саясатта және экономикада жетекші орындарға ие Еуропалық Одақпен ынтымақтастыққа Қазақстанның сыртқы саясатында айрықша орын беріледі. Қазақстанның Еуроодақпен жоғарғы деңгейде қарым-қатынастарын қолдау - басым бағыттардың бірі болып қалады. «Қазақстандық жол 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» стратегиялық тұжырымдамасында Елбасы бекіткендей: «Біздің ұстанымдарымыз еш өзгеріссіз қалады – біздің көрші елдермен – Ресей, Қытай, Орталық Азия мемлекеттерімен, сонымен қатар АҚШ, Еуропалық Одақпен, Азия мемлекеттерімен серіктестікті дамыту» [2].

Сонымен бірге, 2014 жылғы ҚР сыртқы саяси тұжырымдамасында да: «Қазақстанның сауда-экономикалық және инвестициялық аса ірі әріптесі – Еуропалық Одақпен толық ауқымды қатынастарды дамыту, кеңейтілген әріптестік және ынтымақтастық туралы жаңа келісім жасасу, Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақ азаматтары үшін визасыз режимге біртіндеп көшу перспективасымен визалық режимді ырықтандыру жөніндегі күш-жігер жалғасады» делінеді [1].

Тарихқа жүгінер болсақ, Еуропалық Одақпен дипломатиялық қарым-қатынастарды Қазақстан 1993 жылы 2 ақпанда орнатады. 1993 жылы желтоқсан айында Қазақстан Республикасының Еуроодақ жанындағы өкілдігі Брюссель қаласында ашылып, ал Қазақстандағы Еуропалық Комиссияның өкілдігі 1994 жылы Алматы қаласында ашылады.

Ынтымақтастықтың құқықтық негізінің қалануы 1995 жылы Серіктестік пен ынтымақтастық туралы келісімді парафирлеумен басталады. Келісімге 1995 жылы 23 қаңтарда Брюссельде өткен Еуропалық Одақ Сыртқы істер министрлері кезекті отырысы кезінде қол қойылады. Қазақстан Республикасы атынан құжатқа ҚР Президенті Н.Назарбаев, ЕО атынан – ЕО Кеңесінің төрағасы А.Жюппе және Еуропалық комиссия президенті

Ж.Сантер қол қояды [3]. Бұл барлық Орталық Азияның барлық мемлекеттерімен жасалынған үлгілік келісімдер еді. Кейін қосымша хаттамалар, салалық келісімдер жасалынды. 1999 жылы маусым айында Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақ аталмыш келісім өз күшіне енеді [4].

Келісім Еуропаның жетекші мемлекеттерімен сауда-экономикалық ынтымақтастықтың тиімділігінің артуына алғышарттар туғыза отырып, мемлекеттіміздің халықаралық саяси және экономикалық қауымдастығына интеграциялануына себептесті [5].

20 жыл ынтымақтасып келгеннен кейін Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасындағы серіктестікті әрі қарай дамыту саяси-құқықтық базаны тереңдетуді қажет етті. 2011 жылдан бастап ынтымақтастықты күшейту аясында Брюссельде келіссөздер жүргізіле бастайды. Жалпы есеппен алғанда, 2011 жылдан бері Қазақстан мен ЕО арасында кеңейтілген серіктестік пен ынтымақтастық туралы келісім бойынша келіссөздердің 8 раунды өткізілді. Ал 2014 жылдың қазан айында Қазақстан Президенті Н.Назарбаев пен Еуропалық Комиссия төрағасы Ж.М.Баррозу қатысуымен Қазақстан мен ЕО арасындағы кеңейтілген серіктестік пен ынтымақтастық келісімі жобасы бойынша келіссөздерді аяқтау Протоколына қол қойылады. Кейін 2015 жылдың 21 желтоқсанында Астана қаласында Еуропалық Комиссияның вице-президенті/Сыртқы істер мен қауіпсіздік саясаты жөніндегі Еуропалық одақтың Жоғарғы өкілі Федерика Могерини және Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Ерлан Ыдырысов кездесіп, аталмыш Келісімге қол қояды [6].

Айта кететін жайт, Қазақстан ынтымақтастық мәселелері аясын кеңейтетін осындай келісімге қол қойып отырған Орталық Азиядағы ең алғашқы мемлекет болып табылады. Аталмыш құжаттың пайда болуы мемлекетіміздің Еуропалық Одақпен күшейтілген ынтымақтастықтың бағыттарын орнатады. 1995 жылғы Серіктестік пен ынтымақтастық туралы Келісімге қарағанда, аталмыш Келісімде ынтымақтастықтың көптеген мәселелері нақтыланады.

Құжат ынтымақтастықтың 29 бағытын қарастырады, соның ішінде:

- саяси диалог (адам құқықтары, демократиялық даму, құқықтық мемлекетті құру, іргелі бостандықтар);
- әділеттілік, бостандық және қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық;
- сауда мен өндіріс саласындағы ынтымақтастық;
- тұрақты экономикалық даму мәселелеріндегі ынтымақтастық;
- ғылым мен технологиялар саласындағы ынтымақтастық;
- энергетикалық ынтымақтастық;
- сыртқы саясат пен қауіпсіздік саласында және басқа да салалардағы ынтымақтастық [7].

Жоғарыда көрсетілгендей, аталмыш жаңа құжатта бұрынғы келісімшарттарда болмаған бағыттар пайда болды. Ендігі кезде, Келісім аясында ортақ сыртқы саясат пен қауіпсіздік саласында, заң қызметі мен ішкі істер саласында, сонымен қатар, миграция мәселелерін шешуде, терроризммен, есірткі саудасымен күресте, т.б. бірлескен іс-әрекеттер жүргізілетін болады [7].

2016 жылы 4 қазанда Брюссельде «Қазақстан Республикасы – Еуропалық Одақ» Ұнтымақтастық Кеңесінің 15-ші отырысы өткізілді. Қазақстандық делегацияны Сыртқы істер министрлігі Ерлан Ыдырысов, ал Еуропалық Одақ делегациясын – Словакия (ағымдағы кезеңде ЕО төраға-мемлекет) Сыртқы істер министрі Мирослав Лайчак басқарды. Ендігі ынтымақтастық Кеңесінің ерекшелігі, оның Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақ арасындағы жаңа келісімге қол қойылғаннан кейін өткізілуі. Ұнтымақтастық Кеңесінің қатысушылары сауда мен өзара тиімді инвестициялар, энергетика мен көлік дамуы, қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету өзекті мәселелерін талқылады. Саяси ынтымақтастық мәселелері, сонымен қатар ішкі реформалар, адам құқықтарын қорғау, сот төрелігі, жаңа қауіптерге төтеп беру мәселелері бойынша пікір алмасу өткізілді. Күн тәртібіндегі негізгі орынға ЕО мемлекеттерінде Қазақстан азаматтары үшін визалық режимді жеңілдету келешегін талқылау және сонымен қатар, Қазақстанға нарықтық экономикасы бар мемлекет деген статусты беру қойылды [8].

Дегенмен де, Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасындағы қатынастардың жемісті дамуының негізінде экономикалық фундамент жатыр, сондықтан да осы салаға өте үлкен назар аударылатыны таңғаларлық жағдай емес [9].

Кеңейтілген серіктестік пен ынтымақтастық келісімінде сауда мен кәсіпкерлік туралы ережелердің болуы сауда және инвестициялық қатынастардың дамуына септігін тигізетін болады. Бұл, өз кезегінде, қызметтер көрсету саудасы, компанияларды құру мен оларды басқару, капитал қозғалысы, шикізаттық материалдар мен энергетика, мемлекеттік сатып алулар, зияткерлік меншік құқықтары сияқты бағыттарда еуропалық және қазақстандық компаниялардың ынтымақтастығы мен нормативті-құқықтық базасын күшейту арқылы жүзеге асырылатын болады [6].

Сауда-экономикалық байланыстар үнемі Қазақстан мен ЕО арасындағы ынтымақтастық бойынша Кеңестің жыл сайынғы отырыстары аясында талқыланады. Сауда, инвестициялар және кедендік мәселелердің техникалық жақтары да ынтымақтастық бойынша Комитет және Брюссель мен Астанада арнайы құрылған шағын комитеттердің отырыстары кезінде талқыланады.

Айта кететін жайт, Еуропалық Одақ Қазақстанның бірінші сауда серіктесі (2015 жылы ЕО Қазақстанның тауарлар саудасы жалпы көлемінің 33.7%-н құрады) және ірі экспорттық нарығы (қазақстандық тауарлардың жартысына жуығы Еуроодаққа экспортталады) болып табылады. Мәселен, 2015 жылы Еуроодақ мемлекеттерінен Қазақстанға экспортталған тауарлар көлемі 6.8 миллиард Евроны, ал Қазақстаннан импортталатын тауарлар көлемі 14.7 миллиард Евроны құрады. Қазақстаннан Еуроодақ мемлекеттеріне, негізінен, энергетикалық өнімдер (2015 жылы 87.7%-ды құрады) тасымалданады. Қазақстанға ЕО-тан экспорттың негізгі бөлігін машина және көліктік жабдықтар, басқа да өнеркәсіптік тауарлар және химиялық өнімдер құрайды [6].

2005 ж. – 2015 ж. қыркүйек аралығында ЕО елдерінен Қазақстан экономикасына келген тікелей инвестициялардың жалпы түсімі 107,4 млрд. АҚШ долларын құрады (барлық тартылған 218 млрд. АҚШ долларының ішінде). Негізгі инвесторлар: Нидерланды, Ұлыбритания, Италия және Франция болып табылады [10].

Сонымен қатар, Кеңейтілген серіктестік және ынтымақтастық туралы келісім аясында Қазақстан бірқатар құқықтық құралдар негізінде Еуроодақтан қаржылық және техникалық көмек ала алады. Ондай құралдарға 2014-2020 жылдарға арналған Даму мақсатындағы ынтымақтастық құралы (Development Cooperation Instrument), Демократия мен адам құқықтарына жәрдемдесу еуропалық құрал (The European Instrument for Democracy and Human Rights), Тұрақтылық пен бейбітшілікті қамтамасыз етуге жәрдемдесу құралы (The Instrument contributing to Peace and Stability), Ядролық қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық құралы (Instrument for Nuclear Safety Cooperation), Серіктестік құралы (the Partnership Instrument), сонымен қатар “ERASMUS +” (бұрынғы ERASMUS және TEMPUS бағдарламаларының бірігуінің нәтижесі) бағдарламасы аясында білім сапасын жоғарылатуға жәрдемдесу мен студенттермен алмасу жатады.

Қазақстан мен Еуроодақ арасында жасалған кеңейтілген серіктестік пен ынтымақтастық туралы келісім Еуропалық Одақ та, Қазақстан да жеткен жаңа даму деңгейін және алдында тұрған мақсаттарын ескере отырып жасалған. Осыдан, сауда мен инвестициялар туралы бөлімі модернизацияланып, Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына қосылуы, сонымен қатар Еуразиялық экономикалық ұйымына қатысуы назарға алынды [9].

Экономикадағы ынтымақтастықтың маңызды бөлімі болып бұрынғыдай энергетикалық сектор қалады. Сонымен бірге «Нұрлы жол» инфрақұрылымдық даму бағдарламасы, Индустриалды-инновациялық даму бағдарламасының екінші кезеңі аясында еуропалық мемлекеттермен ынтымақтастықты өсіру қарастырылуда. Бағдарламада – Қазақстан өнеркәсібі мен инфрақұрылымының маңызды салаларын модернизациялауда еуропалық компаниялардың қатысуы, бірлескен өнеркәсіптерді реттеу, озық және жаңа технологиялар мен инвестицияларды тарту жоспарланып жатыр [9].

Еуропалық Одақ Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымы аясындағы басты серіктестерінің бірі болып табылады. Мемлекетіміздің ДСҰ-на кіруі Қазақстандағы еуропалық компаниялардың жұмысын жеңілдетуге және мемлекетіміздің ЕО мемлекеттерімен сауда-экономикалық және инвестициялық салалардағы ынтымақтастығын күшейтуге мүмкіндіктер ашты. Қазақстан мен Еуроодақ қатынастарының серіктестік сипатын үкіметтер, парламенттер, министрліктер мен ведомстволар, қоғамдық және мәдени ұйымдар, жоғары оқу орындары және зерттеу институттар желісі бойынша тығыз байланыстары арқылы көруге болады. Мәселен, заңшығарушылық қызметтегі тәжірибе алмасу ісіндегі ынтымақтастық бойынша парламентаралық Комитет нәтижелі жұмыстар атқаруда. «Қазақстан – ЕО», «ЕО – Орталық Азия» ынтымақтастығы аясында, сот, заң, бостандық пен қауіпсіздік, адам құқықтарын қорғау, сауда, инвестициялар, көлік, энергетика, қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша салалық диалогтар аясында кездесулер жиі өткізіліп тұрады. Сонымен қатар, Қазақстан мен Еуроодақ арасындағы ынтымақтастықтың басым бағыты халықаралық және аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, ядролық қарусыздандыру және таратпау, халықаралық терроризммен, діни экстремизммен, есірткі саудасымен және басқа да қауіп-қатерлермен күрес болып табылады. Еліміздің Еуроодақпен инновациялар, ғылым, білім және бәсекеге қабілеттілік салаларындағы ынтымақтастығы маңызды орынға ие. Қазіргі таңда мындаған студенттер Еуропалық Одақтың жоғарғы оқу орындарында оқуда. Қазақстан 2010 жылы посткеңестік мемлекеттердің ішінде алғашқылардың бірі болып Болондық процесске қосылды. Еуроодақтың «Горизонт-2020» бағдарламасы да ынтымақтастықтың жаңа мүмкіндіктерін ашуда. Қазақстандық жоғары оқу орындарының өкілдері қазірдің өзінде ЕО зерттеу мен инновациялар бағдарламаларының конкурстарына қатысуда.

Түрлі салалардағы Еуропалық Одақтың үлкен потенциалы мен бірегей тәжірибесін ескере отырып, Астана Қазақстанның дамыған 30 мемлекеттің қатарына кіру процессінде ЕО-ң қолдауына сенім артып отыр [9]. Еуропалық Одақтың, дамудың қазіргі заманғы жолына біржолата түскен, Қазақстан үшін сыртқы саясаттағы басты бағдардың бірі болып қала берері сөзсіз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2014-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы Концепция внешней политики Республики Казахстан на 2014 – 2020 годы [//mfa.gov.kz/index.php/kz/aza-stanny-syrt-y-sayasaty/aza-stan-respublikasy-syrt-y-sayasatyny-2014-2020-zhyldar-a-arnal-an-t-zhyrymdamasy](http://mfa.gov.kz/index.php/kz/aza-stanny-syrt-y-sayasaty/aza-stan-respublikasy-syrt-y-sayasatyny-2014-2020-zhyldar-a-arnal-an-t-zhyrymdamasy)
2. Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана «Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее» [//www.akorda.kz/ru/page/page_215750_poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-nazarbaeva-narodu-kazakhstana.17.01.2014](http://www.akorda.kz/ru/page/page_215750_poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-nazarbaeva-narodu-kazakhstana.17.01.2014)
3. Центральная Азия во внешней политике Европейского Союза. - Алматы, 2004. С.65
4. Сайт Представительства Европейского Союза в Республике Казахстан [//eeas.europa.eu/delegations/kazakhstan/documents/eu_kazakhstan/pca_kazakhstan_ru.pdf](http://eeas.europa.eu/delegations/kazakhstan/documents/eu_kazakhstan/pca_kazakhstan_ru.pdf).
5. Токаев К.К. Под стягом независимости: очерки о внешней политике Казахстана. Алматы. 1997. С. 35
6. eeas.europa.eu/delegations/kazakhstan/14472/node/14472_kk
7. Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақтың арасындағы кеңейтілген әріптестік пен ынтымақтастық туралы Келісім [//eeas.europa.eu/sites/eeas/files/europalyk_odak_pen_kazakstan_respublikasynyn_asyndag_y_keneytilgen_riptestik_zhne_yntymaktastyk_turaly_kelisim_kz_2.pdf](http://eeas.europa.eu/sites/eeas/files/europalyk_odak_pen_kazakstan_respublikasynyn_asyndag_y_keneytilgen_riptestik_zhne_yntymaktastyk_turaly_kelisim_kz_2.pdf)
8. mfa.gov.kz/index.php/ru/so-y-zha-aly-tar/129-novosti/7425-v-bryussele-proshli-zasedanie-soveta-sotrudnichestva-respublika-kazakhstan-es-i-ministerskaya-konferentsiya-es-tsentrlnaya-aziya
9. Толежан Барлыбаев, Заместитель заведующего Центром внешней политики

Администрации Президента РК «Казахстан - Евросоюз: новая глава отношений»
//www.kazpravda.kz/articles/view/kazakhstan--evrosouz-novaya-glava-otnoshenii1/
10. mfa.gov.kz/index.php/kz/aza-stanny-syrt-y-sayasaty/aza-stanny-yntyma-tasty-y/europa-oda-ymen-atynastar

УДК327(510+6)

ПРИОРИТЕТНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ СОТРУДНИЧЕСТВА КИТАЯ И АФРИКИ

Мыңайымбек Мадина Шекербекқызы

mynaiymbek@mail.ru

студент-бакалавр ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель - Джумадилова Г.М

История сотрудничества

Присутствие Китая на Африканском материке явление не из новых и не из случайных. В китайских хронологических архивах встречается информация от 138 г. до н.э. об экспедициях путешественника ЧжанТэня, который приблизительно описал город Александрию. С открытием «Великого шелкового пути» Китай и Восточная Африка впервые имели торговые отношения. С наступлением колонизаторских режимов отношения Китая и Африканского континента приняли холодную окраску. Возобновление отношений двух стран осуществилась на фоне смены мирового порядка, но на самом деле катализатором отношений Китая и Африканских стран была Бандунгская конференция, на котором Китай и Индия стали архитекторами «пяти принципов», положенных в основу принятой декларации и во многом поспособствовала последующей репутаций Китая среди стран континента.

Афро-китайские отношения складывались не по принципу периодических циклов встреч, в них имела место «вековая заморозка», не смотря на это афро-китайские отношения в настоящее время являются одним из выгодных в мире. Существенную роль в прогрессивном развитии отношений сыграло не столь экономический фактор, сколько «комплекс политических ходов/стратегий». Китайские стратегические реалии носили переменчивый характер, если во времена холодной войны Китай искал в Африке союзника по противостоянию США и странам Запада, в период регрессивных отношений с Советским Союзом – Китай заручался поддержкой африканских стран на этом фронте, что касается наших дней, под высказыванием о стратегическом партнерстве, дружбе и сотрудничестве со странами Африки отчетливо видны интересы китайского бизнеса.

Политическое сотрудничество

Статус китайско-африканских отношений уже перешел рубеж региональных и смело может претендовать на звание международных. Однако динамика воздействия на мировой порядок пока что незначителен и ощутим только на локальном уровне. Выше говорилось про «комплекс политических ходов», под этим подразумевается невмешательство Китая во внутренние дела стран-партнеров, нераспространение идеологических принципов, акцент на историческую «общность судеб и задач» всех развивающихся стран, экономическая помощь, представительство Китая от лица всего «третьего мира» и попытки сделать более справедливую политическую и торговую систему для Африки.

Союзничество с Африканскими странами играет на руки Китаю в решении проблем на уровне ООН. Африканская группа является самой многочисленной по составу в ООН и Китай в вопросе о статусе Тайваня многочисленно воспользовался привилегиями союзничества. 14 раз провалилась попытка Тайваня стать членом Организации Объединенных Наций. С африканскими голосами Китай был признан страной с рыночной экономикой, что позволило перейти в членства ВТО. Ошибочно предполагать об односторонней выгоде Китая в делах ООН. Китай взял ответственность представлять развивающихся стран «третьего мира» и наравне с привилегиями несет тяжелое бремя